

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы N 776 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 тамыздағы N 1028. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жеңіл ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы N 776 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бұдан басқа, 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін оған 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттардан қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу мен жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын сауықтыруды қамтамасыз ету жөніндегі қаржылық инфроқұрылымдарды құруға арнап оларды әлеуметтік дамуды кредиттеудің Қазақ акционерлік банкінің (бұдан әрі - Қазкредәлеуметтікбанк) депозитіне орналастыру үшін бір жыл мерзімге 234,0 млн. (екі жүз отыз төрт миллион) теңге бөлсін";

3-тармақтың бірінші абзацындағы "Әлеуметтік дамуды кредиттеу жөніндегі Қазақ акционерлік банкі (бұдан әрі - Қазәлеуметбанкі)" деген сөздер "Қазкредәлеуметтікбанкі" сөзімен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі